

Автотұрақтар (паркингтер) санаттарын белгілеу және автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген жерлерге базалық салық мөлшерлемелерін ұлғайту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы № 33/7-VIII шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т қараңыз.

"Қазақстан Республикасының Салық Кодексі" Қазақстан Республикасының Кодексінің 577 - бабына, 581 - бабының 3 - тармағына сәйкес Риддер қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Риддер қаласында автотұрақтар (паркингтер) санаттары 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін және автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген жерлерге базалық салық мөлшерлемелері 2-қосымшаға сәйкес ұлғайтылсын.

2. Риддер қаласы салықты есептеу кезінде жерлеріне базалық мөлшерлемелері қолданылатын жақын жатқан елді мекен болып айқындалсын.

3. Риддер қалалық мәслихатының 2018 жылғы 12 наурыздағы № 19/17-VI "Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық ставкаларын ұлғайту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5558 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Риддер қалалық мәслихатының төрағасы

Е. Нужных

Риддер қалалық мәслихаттың
2025 жылғы "19" желтоқсандағы
№ 33/7-VIII шешіміне
1-қосымша

Автотұрақтар (паркингтер) санаттары

№	Автотұрақтар (паркингтер) түрлері	Санаттар
1	Жер үсті шатырмен жабылған автотұрақтар, шатырмен жабылмаған автотұрақтар.	1-санат
2	Басқа мақсатқа арналған ғимараттарға жапсарлай салынған автотұрақтар, басқа мақсаттарға салынған ғимараттарға ішкери салынған автотұрақтар.	2-санат
3	Ғимараттардың жер асты, жертөле, цокольды немесе жерүсті төменгі	3-санат

қабаттарда автотұрақтар.	орналасқан
-----------------------------	------------

Риддер қалалық мәслихаттың
2025 жылғы "19" желтоқсандағы
№ 33/7-VIII шешіміне
2-қосымша

Автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген жерлерге базалық салық мөлшерлемелері

№	Автотұрақтар санаттары	Автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген жерлерге базалық салық мөлшерлемелері	Базалық мөлшерлемелердің ұлғаюы
1	1-санат	8,2025	10 есе
2	2-санат	8,2025	9 есе
3	3-санат	8,2025	8 есе

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ